

Жамбыл облысынан медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге және консультация алуға жіберілген науқастардың Қазақстан Республикасы ішіндегі жол кіресін төлеу және аз қамтылған көмекке зәру азаматтарға бір жолғы материалдық көмек көрсетудің 2002-2005 жылдарға арналған Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысының әкімиятының 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 63 қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 20 мамырда N 966 тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.

2003 жылдың 10 ақпанында облыстық әділет басқармасында 837 нөмірімен тіркелген Жамбыл облыстық мәслихатының 2003 жылғы 31 қаңтардағы "2003 жылға арналған облыстық бюджет және 2001 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы" N 17-4 шешімін, және облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 13 қаңтарда 809 нөмірімен тіркелген "Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету бойынша 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны" жүзеге асыру мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысынан медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге және консультация алуға жіберілген науқастардың Қазақстан Республикасы ішіндегі жол кіресін төлеу және аз қамтылған көмекке зәру азаматтарға бір жолғы материалдық көмек көрсетудің 2002-2005 жылдарға арналған Ережелері (ары карай - Ережелер) бекітілсін.

2. Облыс Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (А.Т.Тұрашев) осы Ережелерге сай Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Облыс Әкімінің қаржы басқармасы (Б. Аманбеков) осы мақсатқа көзделген қаражаттың уақтылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары М.Н. Байбековке жүктелсін.

Облыс Әкімі

Облыс	әкімиятының	2003	жылғы
24	сәуірдегі	"Жамбыл	облысынан
медициналық	көрсеткіштер		бойынша

емделуге және консультация алуға
жіберілген науқастардың Қазақстан
Республикасы ішіндегі жол кіресін
төлеу және аз қамтылған көмекке зәру
азаматтарға бір жолғы материалдық
көмек көрсетудің 2002-2005 жылдарға
арналған Ережелерін бекіту туралы"
N 63 қаулысымен бекітілген

**Жамбыл облысынан медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге
және консультация алуға жіберілген науқастардың Қазақстан
Республикасы ішіндегі жол кіресін төлеу және аз қамтылған көмекке зәру
азаматтарға бір жолғы материалдық көмек көрсетудің 2002-2005
жылдарға арналған
ЕРЕЖЕЛЕР**

Осы Ережелер 2003 жылдың 10 ақпанында облыстың әділет басқармасында 837 нөмірмен тіркелген Жамбыл облыстық мәслихатының 2003 жылғы 31 қаңтардағы "2003 жылға арналған облыстық бюджет және 2001 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы" N 17-4 шешіміне сай және облыстың әділет басқармасында 2003 жылғы 13 қаңтарда 809 нөмірмен тіркелген "Жамбыл облысында кедейшілікті төмендету бойынша 2003-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны" жүзеге асыру мақсатында жасалған.

1. Жалпы ережелер

1. Науқастардың және оларды алып жүрушілердің жол кіресі мен аз қамтылған азаматтарға бір жолғы материалдық көмекті, облыстық бюджет қаражаты есебінен "Жергілікті өкілетті ұйымдардың шешімдерімен азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік төлемақы" 2585100332-ші бағдарламасына сай Жамбыл облысы Әкімінің еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (әрі қарай уәкілетті орган) төлейді.

2. Медициналық көрсеткіштер бойынша емделуге және консультация алуға жіберілген науқастардың және оларды ертіп жүруші тұлғалардың (барып-келу) Қазақстан Республикасы ішіндегі жол кіресі облыс Әкімінің денсаулық сақтау басқармасының белгіленген үлгідегі жолдамасы болған жағдайда төленеді.

3. Көмекке зәру аз қамтылған облыс азаматтарына бір жолғы материалдық

көмек олардың өтініші бойынша және еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдарының, өтініш иесінің материалдық жағдайын тексерген актісі болғанда беріледі.

2. Емделетін науқастардың және оларды ертіп жүрушілердің жол кіресін төлеу тәртібі

4. 2002-2005 жылдар аралығында науқастардың жол кіресін (барып келу) уәкілетті орган төмендегідей іс-қағаздары негізінде төлейді:

1) СТТН және облыс банктері бөлімшелеріндегі есеп шоты көрсетілген өтініші ;

2) облыстық денсаулық сақтау басқармасы жолдамасының көшірмесі;

3) ВКК-ның қорытындысының көшірмесі;

4) амбулаториялық картадан үзіндінің көшірмесі;

5) барып-келу билеттері .

5. Заңнамада белгіленген жағдайларда, науқасты емделу орнына ертіп жүрушінің (барып-келу) жол кіресі төленеді.

6. Медициналық көрсеткіштерге байланысты емделуге, консультацияға жолдама алған науқастың және оны ертіп жүрген тұлғаның жол кіресі теміржол көлігі жүрдек поезының купе вагоны билетінің құны мөлшерінен аспайтын, әуе, теміржол және қалааралық автокөліктерімен (барып-келу) жүруіне төленеді.

7. Науқас пен оны ертіп жүрушінің жол жүргендігін растайтын билеттері жоғалған жағдайда, науқастың өтініші негізінде, жол кіресі теміржолдың жалаң т а р и ф і м е н т ө л е н е д і .

8. Құжаттар тапсырылғаннан кейін уәкілетті орган ақшалай қаржыны науқастың және оны ертіп жүрушінің банк бөлімшелеріндегі есеп шотына аударады.

3. Аз қамтылған көмекке зәру азаматтарға бір жолғы материалдық көмек тағайындау тәртібі

9. Аз қамтылған көмекке зәру азаматтарға өтініш негізінде бір рет, жыл басына белгіленген 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін комиссия қорытындысына сәйкес бір жолғы материалдық көмек көрсетіледі.

10. Бір жолғы материалдық көмек алу үшін берілген өтініш уәкілетті органның комиссиясында 10-күндік мерзім ішінде қаралады.

11. Бір жолғы материалдық көмек белгілі себептермен тағайындалмаған жағдайда, бұл туралы белгіленген мерзім ішінде өтініш берушіге жазбаша хабар беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК